

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ



НАЛУК BANK

НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

БІРЕУГЕ КАМҚОРШЫ!



2000-2009 онжылдықтағы
ең үздік зейнетақы қоры

СЕНІМДІ! ПАЙДАЛЫ! ЫҢҒАЙЛЫ!

Орындаған: Кажитаева Ж.О.

Топ: Ф10К2С

Тексерген: Кукиев А.Ж.



Халық Банкі

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ - өз клиенттерінің игілігі үшін 87 жыл табысты қызмет етіп келе жатқан Қазақстан Республикасындағы аса ірі әмбебап коммерциялық банк, еліміздегі ең сенімді әрі қызметі барынша сараланған қаржылық құрылымдардың бірі.


«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бұрынғы Қазақстан Республикасы Жинақ банкінің негізінде қайта құрылды және біраз жылдар бойы ҚР Үкіметінің зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі агенті болып келді.

2001 жылы жүргізілген Халық банкін жекешелендіру рәсімі нәтижесінде Банк өз клиенттеріне кең ауқымды және барынша сапалы қызметтер спектрін ұсыну мүмкіндігін беретін бизнес құрылымын жасауға қол жеткізді.

Банк Visa International және MasterCard International төлем жүйесінің карточкаларын шығарады және қазақстандық пластикалық карточкалар рыногының тұрақты көшбасшысы болып келеді. Банктің эалпы шығарылған карточкаларының саны 2,7 млн. бірліктен асып түсті,

Банктің жетістіктері:

- Қазақстандағы 2006 жылғы үздік банк»
- «Орталық Азиядағы 2006 жылғы үздік бөлшек қызмет көрсетуші банк»



«Халық» тобының құндылықтары

Клиентке бет ұстау: Біздің Клиенттердің жетістіктері – ол біздің жетістіктеріміз. Біз клиенттеріміздің сұраныстарын түсінуге тырысамыз және клиенттерге олардың мақсаттарына жетуге көмектесетін ең тиімді шешімдерді ұсыну үшін барлық ресурстарымызды қолдануға міндеттенеміз.

Сенімділік: Біз халықаралық құқықтың көпшілікке танылған принциптері мен нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, «Халық» тобы бизнес жүргізетін басқа елдерің заңнамасын, ішкі ереже мен «Халық» тобының ережелерін мүлтіксіз сақтаймыз. Біз қызметтердің барлық салаларында бизнесті әрқашан мінсіз адал жүргізуге ұмтыламыз.


Жетенкшілік: Біз нарықтың барлық сегменттеріндегі Клиенттеріміздің барлық топтарына қызмет көрсетуде жетекші позицияға талпынамыз. Біздің басшылар ұйымның барлық деңгейлерінде жұмысқа деген құштарлығын көрсету жағынан үлгі болып табылады. Біздің басшылар бағыт береді, жаңа бастауларды қоштайды, «Халық» тобының жұмысын орындауына барынша қолғабыс көрсетеді.

Әлеуметтік жауапкершілік: Халықтың сұраныстары мен мүдделеріне көңіл бөлу «Халық» тобы қызметінің негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Біз қоғамның дамуы мен әлеуметтік мәселелердің шешіміне белсенді үлес қосудамыз.

Әділдік: Біздің серіктестерімізбен қатынастарымыз сыйластық пен көмек көрсету, ынтымақтастық, сенімділік және корпоративті ниеттестік негізінде құралған. Біз бүкіл «Халық» тобы бойынша идеялармен, біліммен және тәжірибемен алмасуды қоштаймыз және тиімді командалық жұмысты қолдаймыз. Біз қызметкерлеріміздің кәсіптік деңгейінің өсуінің, әлеуметтік қорғалуының қамын ойлаймыз.

Кәсіпқорлық: Біз кәсіптік қызметтің жоғары стандарттарына ұмтыламыз, біз жаңа идеялар мен инновацияларға ашықпыз, біз батыл және дәйекті түрде әрекет етеміз. Біз Клиенттермен мықты және ұзақ мерзімді қатынастарды қамтамасыз ететін Клиенттерге қызмет көрсету бойынша барлық операцияларды уақытылы және тиімді шарттарда іске асырамыз.

СІЗДІҢ 40 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ТАБЫСЫҢЫЗ...



! БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢДЕ ДҰРЫС ТАҢДАУ (10 ЖЫЛДА АЛҒАШ РЕТ) ЖӘНЕ СОЛ БІР СЕНІМДІ ҚОРДА ҰЗАҚ БОЛУ ЕҢБЕК ӨТІЛІНІҢ СОҢЫНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫ СОМАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫНА ЖАҒЫМДЫ ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ

«20 жыл» және «40 жыл» МЕРЗІМГЕ ЖАЛПЫ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАРАЖАТЫН ЕСЕПТЕУ ҮЛГІСІ



ТАБЫСТЫЛЫҚ	БІР АЙДАҒЫ ЖАРНА СОМАСЫ		
	3 600 теңге		12 000
	20 жыл	40 жыл	20 жыл
7%	2 455 898	9 449 328	8 186 35
10%	2 835 977	20 567 739	12 786 5
12%	5 250 501	42 353 181	17 501 6
Егер Сіз тек жарнаны аударсаңыз инфляцияны есепке алу +7%	924 480	1 848 960	3 081 60
Жалпы жинақталған қаражаттағы инвестициялық табыстың үлесі	62-82%	80-96%	62-82%



Көп депозит қаражаттары




624,5 млрд. теңге

БАЛАНСТАНДЫРЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫН



2010 жылғы 01 шілдеге қоржын құрылымы



“ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ ЖЗҚ» АҚ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ - САЛЫМШЫЛАРДЫҢ ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАРАЖАТЫН САҚТАУ МЕН КӨБЕЙТУ

Ал бұл – Қордың жинақталған зейнетақы қаражатын мол табыс алуға үміттендіретін тәуекелі өте жоғары қаржы құралдарына инвестицияламайтындығын білдіреді.

ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ АРА-ҚАТЫНАСЫН БЕЛГІЛЕП, ТЕРЕҢ САЛМАҚТАЙ ОТЫРЫП ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ.

! ҚОР ҚОРЖЫНЫ ҚОРДЫҢ САЙТЫНДА ӘРҚАШАН АШЫҚ ЖӘНЕ ӘРБІР САЛЫМШЫНЫҢ ҚОЛЫ ЖЕТІМДІ

ЖАРҒЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ



/мың. теңге/



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ӨЗ САЛЫМШЫЛАРЫ ҮШІН:



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН КРЕДИТТЕР

1. «Халықтық» бағдарламасы бойынша кредит беру кезінде 1% жеңілдік (ЖЗШ-на түскен түсім саны соңғы 3 айда 3 реттен кем емес және Банктің жалақы жобасына қатысу 6 айдан кем емес)
2. «Өз ипотекам» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен кредит беру (кредитті етеу мерзімін 2 жылға ұзарта отырып, базалық тарифтен 1% жеңілдік)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ДЕПОЗИТТЕР

Кемінде 3 айлық зейнетақы аударымдары болғанда және жинақталған зейнетақы қаражаты 1 млн.теңгеден кем емес болғанда, депозиттер бойынша 7 млн. теңгеден жоғары сомаға қосымша бонус (плюс 1%)

ПЛАСТИКАЛЫҚ КАРТОЧКАЛАР

1. ЖЗШ-ның жай-күйі туралы Банк банкоматтар арқылы үзінді алуға мүмкіндік
2. Банк банкоматы арқылы «Visa Electron» пластикалық карточкасы бойынша зейнетақы алу мүмкіндігі

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖАЛАҚЫ ЖОБАЛАРЫ

Жеке бағдарлама бойынша карточкалық жалақы жобасы

! БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША (сіздің қалаңыздағы) 258 20 40 телефон нөміріне хабарласып ӨТІНІШ ЖАСАҢЫЗ

Депозиттер



"Халықтық - стандартты"

1. Салым мерзімі 1,3,6,9,12,18, 24,30,36 ай.
2. Капитализация ай сайын.
3. Салым бойынша сыйақы төлеу: салым мерзімі аяқталғанда.
4. Салымды толықтыру мүмкіндігі қарастырылмаған.
5. Салымнан ішінара ақша алу мүмкіндігі қарастырылмаған.
6. Салымның ең төменгі мөлшері: 15 000 теңге немесе 100 АҚШ доллары немесе 100 евро.
7. Банктік салым шартында немесе Шартқа қосымша келісімде өзге жағы қарастырылмаған болса, сыйақы мөлшерлемесі салым мерзімі ішінде өзгермейді. «Халықтық-стандартты» депозиті бойынша пайыздық мөлшерлемелер:

вал юта	%ста вка	1	3	6	9	12	18	24	30	36
KZT	годо вая	4,40	7,00	7,70	7,90	8,00	8,00	8,00	8,00	8,00
	эфф.	4,60	7,30	8,10	8,30	8,40	8,40	8,40	8,40	8,40
USD	годо вая	1,50	2,00	4,55	4,70	4,80	4,80	4,80	4,80	4,80
	эфф.	1,50	2,00	4,70	4,90	5,00	5,00	5,00	5,00	5,00
EUR	годо вая	1,00	1,75	3,50	3,70	3,80	3,80	3,80	3,80	3,80
	эфф.	1,00	1,80	3,60	3,80	3,90	3,90	3,90	3,90	3,90

Халықтық - зейнетақылық



1. Ерекше талаптары: бұл салым жасы кемінде 50-ге толған немесе 50-ге жақындаған, зейнеткерлік куәлігі бар тұлғаларға арналған.

2 Салым мерзімі: 6, 12 ай.

3. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі салым мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады.

4. Сыйақы төлеу: ай сайын, банк салымы туралы шарт күшіне енген күннен бастап, әрбір күнтізбелік ай аяқталғанда.

5. Салымды толықтыру мүмкіндігі: қосымша жарнаның ең төмен мөлшері 500 теңге немесе 5 АҚШ доллары немесе 5 евро болса, толықтыруға болады.

6. Салымнан ішінара ақша алу мүмкіндігі: қарастырылмаған.

7. Салымның ең төменгі мөлшері: 2 000 теңге немесе 20 АҚШ доллары немесе 20 евро.

«Халықтық-зейнетақылық» депозиті бойынша пайыздық мөлшерлеме:

валюта	%-дық мөлшер леме	6 ай	12 ай
теңге	жылдық	5,50	8,00
	тиімді	5,70	8,40
АҚШ доллары	жылдық	4,20	4,70
	тиімді	4,30	4,90
евро	жылдық	3,20	3,70

Nalyk – әмбебап

1. Салым мерзімі: 9 ай.
 2. Капитализация: айлық
 3. Сыйақы төлеу: салым мерзімі аяқталғанда.
 4. Салымды толықтыру мүмкіндігі: қосымша жарнаның ең төмен мөлшері - 7 000 теңге немесе 50 АҚШ доллары немесе 50 евро болса, толықтыруға болады.
 5. Салымнан ішінара ақша алу мүмкіндігі: жинақ шотындағы кемімейтін салым қалдығы 75 000 теңге немесе 500 АҚШ доллары немесе 500 евро мөлшерінде болған жағдайда.
 6. Салымның ең төмен мөлшері: 75 000 теңге немесе 500 АҚШ доллары немесе 500 евро.
 7. Банктік салым шартында немесе Шартқа қосымша келісімде өзге жағы қарастырылмаған болса, сыйақы мөлшерлемесі салым мерзімі ішінде өзгермейді.
- «Nalyk - әмбебап» депозиті бойынша пайыздық мөлшерлеме:

валюта	%-дық мөлшерлем е	9 ай
теңге	жылдық	7,00
	тиімді	7,30
АҚШ доллары	жылдық	4,00
	тиімді	4,10
евро	жылдық	3,50
	тиімді	3,60

Налык- балалар үшін

1. Ерекше талаптары: бұл салым жасы 16-ға толмаған салымшының атына қабылданады. Салымшының атына кез келген тұлға, туыстық қатынасының бар/жоғына қарамастан, тиісті құжаттарын көрсете отырып, ақша сала алады.
2. Салым мерзімі 1- 10 жылға дейін. Салымның ең ұзақ мерзімі баланың 16 жасқа толу талабымен реттеледі.
3. Капитализация: әр жыл сайын, 12 ай сайын.
4. Сыйақы төлеу: салым мерзімі аяқталғанда.
5. Салымды толықтыру мүмкіндігі: қосымша жарнаның ең төмен мөлшері 1000 теңге немесе 10 АҚШ доллары немесе 10 евро болса, толықтыруға болады.
6. Салымнан ішінара ақша алу мүмкіндігі: қарастырылмаған
7. Салымның ең төмен мөлшері: Алматы және Астана тұрғындары үшін -15 000 теңге немесе 100 АҚШ доллары немесе 100 евро. Басқа өңірлер үшін – 7 000 теңге немесе 50 АҚШ доллары немесе 50 евро. Жасы 14-ке толмаған салымшының атына салынған салымға салымшының заңды өкілдері (ата-анасы, асырап алушысы, қамқорлық жасаушысы) иелік етеді, ал жасы 14-ке толғаннан кейін салымға өзі иелік етеді. Жасы 16-ға толмаған салымшыға салым Қазақстан Республикасы азаматының туу туралы куәлігін көрсеткеннен кейін және оның заңды өкілдерінің (ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары) көзінше жүргізіледі. Егер салымшының жасы 14-ке толмаса, салым мен оның сыйақысы ақша салушыға тек салымшы немесе оның заңды өкілдері міндетті түрде банкке келіп ұсынған жазбаша бас тарту негізінде ғана беріле алады.

Несиелер



«Зейнетақылық кредит» бағдарламасы

Кредиттің мақсаты:

Тұтынушылық мақсаттар.

Мақсатты топ:

Зейнетақысын банктен алатын зейнеткерлер.

Бағдарламаның талаптары:

Кредит мерзімі - 2 жылға дейін.

Кредит берілетін валюта – теңге.

Кредит сомасы – 500 000 теңгеден 1000 000 теңгеге дейін.

Сыйақы мөлшерлемесі - жылдығы 22%.

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі: теңгеде – 26,7%-дан бастап

Бастапқы жарна - қарастырылмаған.

Жасына қойылатын шектеу- өтеу сәтінде 70 жасқа толмаған болуы керек.

Кредиттік өтінімді қарастыру мерзімі - 3 жұмыс күні.

Кредит бойынша қамтамасыз ету:

кредит сомасы 500 000-ға дейін болғанда — жеке тұлғаның кепілдемесінсіз, болашақта түсетін зейнетақы кепілдігіне;

кредит сомасы 1000 000-ға дейін болғанда — жеке тұлғаның кепілдемесімен (жалақылық жобаға қатысушының/зейнеткердің жасы өтеу сәтінде 70 жастан аспауы керек);



«Білім беру кредиттері» бағдарламасы



Пайдалану мақсаты:

Заемдар оқу орындарындағы оқу ақысын төлеу үшін беріледі:

«Қаржы орталығы» АҚ кепілдігімен заем берілгенде – ҚР аумағында орналасқан, аттестациядан өткізілген жоғары оқу орындарында;

егер қамтамасыз етуге жылжымайтын мүлік ұсынылса – ЖОО орналасқан жеріне және оқыту нысанына байланысты.

Жасы 16-дан кіші емес ҚР резиденті болып табылатын жеке тұлғалар.

Бағдарламаның талаптары:

Кредит беру мерзімі - 6 айдан 10 жылға дейін.

Кредит берілетін валюта – теңге.

Кредит сомасы - өтінім берушінің төлем қабілетіне байланысты.

Базалық сыйақы мөлшерлемелері – жылдығы 15% (Қаржы орталығының кепілімен), жылдығы 17% (жылжымайтын мүлік кепілімен).

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі –теңгеде жылдығы 16,4% -дан бастап.

ЖОО-дағы оқуы аяқталғанға дейін негізгі міндетті төлеу бойынша жеңілдік кезеңін ұсыну мүмкіндігі (6 жылдан аспай, қосымша 6 ай).

Табысты растау - міндетті.

Сақтандыру - Егер қамтамасыз етуге жылжымайтын мүлік ұсынылса – мүлікті (кепілзатты) сақтандыру.

Заемның мақсатына қарай пайдаланылуын қадағалау – міндетті түрде. Заемның мақсатына қарай пайдаланылуының растамасы болып заем сомасын ЖОО-ның шотына аудару жөніндегі төлем тапсырмаларының көшірмелері табылады.

Міндетті талабы – жобаға көп дегенде екі қосарлы заемшы қатысады.

Өтінімді қарастыру мерзімі – 7 жұмыс күні.

Болашақта түсетін ақша кепілдігімен «Кепілсіз кредиттер» («Халықтық») кредит беру бағдарламасы

Мақсатты топ:

ҚР-ның резиденті болып табылатын жеке тұлғалар, Банктің жалақы жобасына қатысушылар. Заемшының жасы - 23 жастан кіші болмауы керек.

Пайдалану мақсаты:

Тексерілмейді.

Бағдарламаның талаптары:

Кредит беру мерзімі – 3 айдан 3 жылға дейін.

Заем берілетін валюта - теңге.

Базалық сыйақы мөлшерлемесі - жылдығы 22%.

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі: теңгеде – 30,2% бастап

Заем сомасы – 100 000 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін.

Жалақының талап етілетін ең төмен деңгейі - кемінде 15 000 теңге.

Жобаның сараптамасы - қарастырылмаған.

Сақтандыру - қарастырылмаған.

Кредиттік өтінімді қарастыру мерзімі - 3 жұмыс күні.

Кредит бойынша қамтамасыз ету:

Заемшының болашақта түсетін ақшасы;

Кредит алу үшін құжаттардың ең аз пакеті:

